

**«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің кезектен тыс  
жалпы жиналысының №2/2024  
ХАТТАМАСЫ**

**Астана қ.**

**2024 жылғы 25 қараша**

Толық атауы: «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамы.

Атқарушы органның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Нұра ауданы, Тұран даңғылы, 20-ғимарат, 12-тұрғын емес үй-жай.

Акционерлердің жалпы жиналысы өткен орын: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Нұра ауданы, Тұран даңғылы, 20-ғимарат, 12-тұрғын емес үй-жай, 702-кабинет.

Акционерлерді тіркеуді бастау - 10 сағат 00 минут.

Акционерлерді тіркеуді аяқтау - 13 сағат 00 минут.

Акционерлер жалпы жиналысының басталуы - 15 сағат 00 минут.

Акционерлер жалпы жиналысының аяқталуы - 15 сағат 55 минут.

«ҚазТрансОйл» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен (2024 жылғы 13 қыркүйектегі №9/2024 отырыс хаттамасы) келесі күн тәртібімен шақырылды:

1. Корпоративтік басқару кодексін бекіту туралы.
2. «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Жарғысына толықтыру енгізу туралы.
3. «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, Директорлар кеңесінің мүшелерін, оның ішінде төрағасын сайлау туралы.
4. «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің кейбір мүшелеріне өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақылар төлеу және шығыстарын өтеу мөлшері мен шарттарын айқындау туралы.
5. «ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2025-2029 жылдардағы аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды айқындау туралы.
6. «ҚазТрансОйл» АҚ есеп комиссиясының сандық құрамын және өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау туралы.

Қоғам Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын (бұдан әрі – Жиналыс) өткізу туралы ақпарат 2024 жылғы 19 қыркүйекте қаржылық есептілік депозитарийінің, «Қазақстан қор биржасы» АҚ және Қоғамның интернет-ресурстарында қазақ және орыс тілдерінде жарияланды.

Қоғам Жарғысының 9-бабы 39-тармағына сәйкес Қоғамның корпоративтік хатшысы А.М. Шманов Жиналыстың хатшысы болып табылады.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 46-бабында қарастырылған функцияларды жүзеге асыратын есеп комиссиясы Қоғам Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының 2022 жылғы 25 қаңтардағы (№1/2022 хаттама) және Қоғам Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының 2023 жылғы 24 мамырдағы (№1/2023 хаттама) шешімдерімен сайланған.

Қоғамның бас директоры (Басқарма төрағасы) А.Ф. Қасенов Қоғамның есеп комиссиясының төрағасы А. Дастанға сөз берді.

А. Дастан «Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ ұсынған Қоғам акционерлерінің тізіміне сәйкес 2024 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы саны 384 473 977 (үш жүз сексен төрт миллион төрт жүз жетпіс үш мың тоғыз жүз жетпіс жеті) дана құрайтынын хабарлады.

Есеп комиссиясы ұсынған деректер бойынша акционерлерді тіркеу аяқталған кезде Жиналысқа қатысу үшін жиынтығында Қоғамның дауыс беретін акциялары жалпы санының 90,04% -ін құрайтын 346 172 040 (үш жүз қырық алты миллион бір жүз жетпіс екі мың қырық) дана дауыс беретін акцияларды иеленетін 1 акционердің өкілі («ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ) тіркелді.

Заңның 45-бабы 1-тармағы және Қоғам Жарғысының 9-бабы 31-тармағы негізінде егер жиналысқа қатысушыларды тіркеу аяқталған кезде (Акционерлердің жалпы жиналысын сырттай дауыс беру арқылы өткізу кезінде барлық бюллетеньдерді ұсыну күні не бюллетеньдерді ұсыну мерзімі аяқталған күні) оған қатысуға және дауыс беруге құқығы бар, Қоғамның дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда 50 (елу) және одан да көп процентін иеленген акционерлердің тізіміне енгізілген акционерлер (акционерлердің өкілдері) тіркелсе, Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы.

Жиналысты өткізу және күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беру үшін кворум бар.

Қатысып отырған акционердің өкілі тіркелді және оның өкілеттіктері тиісті түрде тексерілді. Жиналысқа қатысып отырған акционердің өкіліне тіркеу кезінде күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар, дауыс беру үшін бюллетеньдер берілді, сондай-ақ Жиналыста акционерлердің құқықтарын іске асыру мәселелері мен дауыс беру тәртібі түсіндірілді.

А.Ф. Қасенов акционердің өкіліне Жиналыстың күн тәртібін өзгерту және толықтыру бойынша ұсыныстардың жоқ екендігін хабарлады.

А.Ф. Қасенов Жиналысты өткізу үшін дауыс берудің ашық нысанын белгілеуге ұсыныс жасады.

Ұсыныс «бір акционер – бір дауыс» қағидаты бойынша дауыс беруге қойылды.

**Дауыс берді:**

**«Қолдады»** – 1 акционер

**«Қарсы»** – дауыс жоқ

**«Қалыс қалды»** – дауыс жоқ

**Шешім «бір акционер – бір дауыс» қағидаты бойынша жай көпшілік дауыспен қабылданды:**

Жиналыстың күн тәртібі мәселелері бойынша дауыс берудің ашық нысаны белгіленсін.

А.Ғ. Қасенов Жиналыстың төрағасы ретінде Алтынай Төлегенқызы Уәлиеваны сайлауды ұсынды.

Осы мәселе дауыс беруге қойылды.

**Дауыс берді:**

**«Қолдады»** – 346 172 040 дауыс

**«Қарсы»** – дауыс жоқ

**«Қалыс қалды»** – дауыс жоқ

**Шешім дауыс беруге қатысқан Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданды:**

Жиналыстың төрағасы болып Алтынай Төлегенқызы Уалиева сайлансын.

Бұдан әрі А.Т. Уалиева Жиналысты өткізу регламентін жариялап, келесі күн тәртібін дауыс беруге шығарды:

1. Корпоративтік басқару кодексін бекіту туралы.
2. «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Жарғысына толықтыру енгізу туралы.
3. «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, Директорлар кеңесінің мүшелерін, оның ішінде төрағасын сайлау туралы.
4. «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің кейбір мүшелеріне өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақылар төлеу және шығыстарын өтеу мөлшері мен шарттарын айқындау туралы.
5. «ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2025-2029 жылдардағы аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды айқындау туралы.
6. «ҚазТрансОйл» АҚ есеп комиссиясының сандық құрамын және өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау туралы.

**Дауыс берді:**

**«Қолдады»** – 346 172 040 дауыс

**«Қарсы»** – дауыс жоқ

**«Қалыс қалды»** – дауыс жоқ

**Шешім дауыс беруге қатысқан Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санынан жай көпшілік даусымен қабылданды:**

Жиналыстың мынадай күн тәртібі бекітілсін:

1. Корпоративтік басқару кодексін бекіту туралы.
2. «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Жарғысына толықтыру енгізу туралы.
3. «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттіктер мерзімін айқындау, Директорлар кеңесінің мүшелерін, оның ішінде төрағасын сайлау туралы.
4. «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің кейбір мүшелеріне өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақылар төлеу және шығыстарды өтеу мөлшері мен шарттарын айқындау туралы.
5. «ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2025-2029 жылдардағы аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды айқындау туралы.
6. «ҚазТрансОйл» АҚ есеп комиссиясының сандық құрамын және өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау туралы.

Күн тәртібінің **бірінші мәселесі бойынша** А.Т. Уалиева Қоғам бас директорының корпоративтік басқару жөніндегі орынбасары А.А. Оңғарсыновқа сөз берді.

А.А. Оңғарсынов «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ (бұдан әрі – ҚМГ) 2024 жылғы 17 шілдедегі №23/5680 хатпен ҚМГ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының корпоративтік басқару кодексін бекіткенін хабарлады (2024 жылғы 28 мамырдағы №1/2024 хаттама) және Қоғамдағы корпоративтік басқару кодексін өзгерістер мен толықтырусыз ҚМГ редакциясында бекітуді қамтамасыз етуді тапсырды.

Корпоративтік басқару кодексінің жаңа редакциясы, өзгесін қоспағанда, мынадай негізгі өзгерістер мен толықтыруларды көздейді:

- 1) корпоративтік басқарудың нақты қағидаттары жоқ ережелер, корпоративтік басқару кодексі деңгейінде регламенттеуді талап етпейтін әртүрлі сілтемелік нормалар, сондай-ақ бір-бірін қайталайтын бөлімдер мен ережелер алынып тасталады;
- 2) директорлар кеңесі комитеттерінің құзыреті күшейтілді;
- 3) комплаенс-қызмет туралы ережелер енгізілді;
- 4) Environmental, Social, and Corporate Governance (экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару) қағидаттары енгізілді.

Корпоративтік басқару кодексін Қоғам Басқармасы мен Директорлар кеңесі мақұлдады.

Сонымен қатар, А.А. Оңғарсынов ҚМГ Басқармасы өзінің уәкілетті өкіліне Корпоративтік басқару кодексін бекіту кезінде компанияның атауын көрсете отырып, «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының корпоративтік басқару кодексіне дауыс беруді анықтағанын атап өтті.

А.Т. Уалиева «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының корпоративтік басқару кодексін бекіту туралы мәселе дауыс беруге қойды.

**Дауыс берді:**

«Қолдады» – 346 172 040 дауыс

«Қарсы» – дауыс жоқ

«Қалыс қалды» – дауыс жоқ

**Шешім дауыс беруге қатысқан Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санынан жай көпшілік даусымен қабылданды:**

1. Қоса берілген «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының корпоративтік басқару кодексі бекітілсін.

2. Қоғам Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының шешімімен бекітілген (2016 жылғы 27 мамырдағы №3/2016 хаттама) Корпоративтік басқару кодексінің күші жойылды деп танылсын.

Күн тәртібінің **екінші мәселесі бойынша** А.Т. Уалиева Қоғамның құқықтық мәселелер жөніндегі басқарушы директоры Ж.Ә. Исақовқа сөз берді.

Ж.Ә. Исақов Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Қоғамның 2023 жылғы 1 наурыздағы өтініш хатына Қоғамның артық технологиялық мұнайды сату жөніндегі қызмет түрін жүзеге асыруына келісім берді.

Қоғам қызметінің мәнін кеңейту қазіргі уақытта технологиялық мұнайдың жинақталған артық мөлшерін уақытылы сату қажеттілігіне байланысты, себебі бұл Қоғамның резервуарлар паркіндегі пайдалы сыйымдылықты шектеп, мұнай өндіруші компанияларға мұнай тасымалдау бойынша қызметтер көрсетудің өндірістік процесіне теріс әсер етеді. Осыған байланысты Қоғамның Жарғысына тиісті толықтыру енгізіледі.

Заңға және Қоғамның Жарғысына сәйкес Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылады. Осыған байланысты, жиналыстың қарауына Қоғамның Жарғысына толықтыру енгізу туралы мәселе шығарылады.

А.Т. Уалиева «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Жарғысына толықтыру енгізу туралы мәселе дауыс беруге қойды.

**Дауыс берді:**

«Қолдады» – 346 172 040 дауыс

«Қарсы» – дауыс жоқ

«Қалыс қалды» – дауыс жоқ

**Шешім дауыс беруге қатысқан Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санынан жай көпшілік даусымен қабылданды:**

1. Осы шешімге қосымшаға сәйкес «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Жарғысына толықтыру енгізілсін.

2. Қоғамның бас директоры (Басқарма төрағасы) А.Ғ. Қасенов:

- 1) осы шешімге қосымшаға сәйкес «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Жарғысына толықтыруға қол қойсын;
- 2) осы шешімнен туындайтын өзге де қажетті шараларды белгіленген тәртіппен қабылдасын.

Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша А.Т. Уалиева Қоғамның корпоративтік хатшысы А. М. Шмановқа сөз берді.

А.М. Шманов Қоғам Жарғысының 10-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес Қоғамның Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттіктер мерзімін айқындау, Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерін, оның ішінде Директорлар кеңесінің төрағасын сайлау (қайта сайлау) Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жататынын атап өтті.

2024 жылғы 24 қарашада Қоғам Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының шешімімен (2021 жылғы 25 қарашадағы №3/2021 отырыс хаттамасы) айқындалған Қоғамның Директорлар кеңесі өкілеттігінің үш жылдық мерзімі аяқталды.

Қоғамның Директорлар кеңесінің Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитеті шешімімен (2024 жылғы 8 қарашадағы №10/2024-КНВ отырыс хаттамасы) Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамын 3 (үш) жыл өкілеттік мерзімі бар 7 (жеті) адам санында мақұлдау және Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелігіне келесі кандидаттардың тізімін қалыптастыру ұсынылды:

Закиров Булат Қалауияұлы – ҚМГ өкілі;

Бозжігітов Әмір Айымдосұлы – ҚМГ өкілі;

Қасымбек Ардақ Махмұдұлы – ҚМГ өкілі;

Қасенов Арман Ғинаятұлы – Қоғам бас директоры (Басқарма төрағасы);  
тәуелсіз директорлар ретінде:

Аханзарипов Нұрлан Заманбеұлы;

Қожымов Қайнар Хайратұлы;

Құсайынов Қазбек Қайнарбекұлы.

Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғамның Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитетінің көрсетілген ұсынымдарын мақұлдады және жоғарыда аталған тұлғалардан Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттардың тізімін қалыптастырды.

Сонымен қатар, ҚМГ Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы ретінде Б.Қ. Закировты сайлауды ұсынды.

Заңның 54-бабы 3-тармағына сәйкес директорлар кеңесінде бір орынға бір кандидат сайлауға түсетін жағдайды қоспағанда, акционерлер директорлар кеңесінің мүшелерін сайлауды дауыс беруге арналған бюллетеньдерді пайдалана отырып, кумулятивтік дауыс беру арқылы жүзеге асырады.

Қоғамның Директорлар кеңесінде бір орынға бір кандидат сайланатынын ескере отырып, Қоғамның Директорлар кеңесіне мүшелерді

сайлау бойынша дауыс беру «бір акция – бір дауыс» қағидаты бойынша жүзеге асырылады.

А.Т. Уалиева Қоғамның Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, Директорлар кеңесінің мүшелерін, оның ішінде оның төрағасын сайлау туралы мәселе дауыс беруге қойды.

**Дауыс берді:**

«Қолдады» – 346 172 040 дауыс

«Қарсы» – дауыс жоқ

«Қалыс қалды» – дауыс жоқ

**Шешім дауыс беруге қатысқан Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданды:**

1. Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамы өкілеттік мерзімі 3 (үш) жыл 7 (жеті) адам болып белгіленсін.

2. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері болып сайлансын:

1) Закиров Булат Қалауияұлы – ҚМГ өкілі;

2) Бозжігітов Әмір Айымдосұлы – ҚМГ өкілі;

3) Қасымбек Ардақ Махмұдұлы – ҚМГ өкілі;

4) Қасенов Арман Ғинаятұлы – Қоғамның бас директоры (Басқарма төрағасы);

5) Аханзарипов Нұрлан Заманбекұлы – тәуелсіз директор;

6) Кожумов Қайнар Хайратұлы – тәуелсіз директор;

7) Құсайынов Қазбек Қайнарбекұлы – тәуелсіз директор.

3. Закиров Булат Қалауияұлы Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлансын.

Күн тәртібінің төртінші мәселесі бойынша А.Т. Уалиева Қоғамның корпоративтік хатшысы А.М. Шмановқа сөз берді.

А.М. Шманов Заңның 36-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына және Қоғам Жарғысының 10-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес Директорлар кеңесінің мүшелеріне өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақылар төлемі мен шығыстары өтемақысының және шарттарын айқындау Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жататынын хабарлады.

ҚМГ 2024 жылғы 6 қарашадағы №23/734 ҚПАҚ хатымен Ә.А. Бозжігітовке, А.М. Қасымбекке, Н.З. Аханзариповқа, Қ.Х. Кожумовқа және Қ.Қ. Құсайыновқа сыйақылар төлемі мен шығыстары өтемақысының және шарттарын белгілеуді ұсынды. Б.Қ. Закиров ҚМГ жұмыскері болып табылады және оның функционалдық міндеттеріне Қоғамның Директорлар кеңесінде ҚМГ мүдделерін білдіру кіретінін атап өткен жөн. Тиісінше, Б.Қ. Закировқа сыйақы төлем көзделмейді, ал оның Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелігіне байланысты шығыстарының өтемақысы ҚМГ қаражатының есебінен жүзеге асырылады. Ә.А. Бозжігітов және

А.М. Қасымбек ҚМГ жұмыскерлері болып табылмайды.

Қоғам Жарғысының 11-бабы 3-тармағының 30) тармақшасына сәйкес Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысына Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақы және шығыстарына өтем төлеу мөлшері мен шарттары бойынша ұсынымдар дайындау Қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатады.

Ірі акционердің ұсынысын ескере отырып, Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен (2024 жылғы 8 қарашадағы №1 1/2024 отырыс хаттамасы) Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысына мыналарды айқындау ұсынылды:

1) ҚМГ жұмыскерлері болып табылмайтын Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салықтар мен басқа да міндетті төлемдер ұсталғаннан кейін) сыйақылардың келесі мөлшері:

жылдық тіркелген сыйақы:

Ә.А. Бозжігітовке, ҚМГ өкіліне – 24 000 000 (жиырма төрт миллион) теңге;

А.М. Қасымбекке, ҚМГ өкіліне – 24 000 000 (жиырма төрт миллион) теңге;

Н.З. Аханзариповқа, тәуелсіз директорға – 24 000 000 (жиырма төрт миллион) теңге;

Қ.Х. Кожумовқа, тәуелсіз директорға – 24 000 000 (жиырма төрт миллион) теңге;

Қ.Қ. Құсайыновқа, тәуелсіз директорға – 24 000 000 (жиырма төрт миллион) теңге;

Қоғамның Директорлар кеңесі комитеттерінің әрбір бас қосқан отырысына қатысқаны үшін қосымша сыйақы:

Ә.А. Бозжігітовке, ҚМГ өкіліне – 240 000 (екі жүз қырық мың) теңге;

А.М. Қасымбекке, ҚМГ өкіліне – 240 000 (екі жүз қырық мың) теңге;

Н.З. Аханзариповқа, тәуелсіз директорға – 240 000 (екі жүз қырық мың) теңге;

Қ.Х. Кожумовқа, тәуелсіз директорға – 240 000 (екі жүз қырық мың) теңге;

Қ.Қ. Құсайыновқа, тәуелсіз директорға – 240 000 (екі жүз қырық мың) теңге;

2) Қоғамның Директорлар кеңесінің жоғарыда көрсетілген мүшелеріне сыйақылар төлемі және шығыстары өтемақысы шарттары – олармен жасалатын шарттарға сәйкес.

А.Т. Уалиева Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу мөлшері мен шарттарын айқындау туралы мәселе дауыс беруге қойды.

**Дауыс берді:**

«Қолдады» – 346 172 040 дауыс

«Қарсы» – дауыс жоқ



**«Қалыс қалды» – дауыс жоқ**

**Шешім дауыс беруге қатысқан Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданды:**

1. Айқындалсын:

1) ҚМГ жұмыскерлері болып табылмайтын Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салықтар мен басқа да міндетті төлемдер ұсталғаннан кейін) сыйақылардың келесі мөлшері:

жылдық тіркелген сыйақы:

Ә.А. Бозжігітовке, ҚМГ өкіліне – 24 000 000 (жиырма төрт миллион) теңге;

А.М. Қасымбекке, ҚМГ өкіліне – 24 000 000 (жиырма төрт миллион) теңге;

Н.З. Аханзариповқа, тәуелсіз директорға – 24 000 000 (жиырма төрт миллион) теңге;

Қ.Х. Кожумовқа, тәуелсіз директорға – 24 000 000 (жиырма төрт миллион) теңге;

Қ.Қ. Құсайыновқа, тәуелсіз директорға – 24 000 000 (жиырма төрт миллион) теңге;

Қоғамның Директорлар кеңесі комитеттерінің әрбір бас қосқан отырысына қатысқаны үшін қосымша сыйақы:

Ә.А. Бозжігітовке, ҚМГ өкіліне – 240 000 (екі жүз қырық мың) теңге;

А.М. Қасымбекке, ҚМГ өкіліне – 240 000 (екі жүз қырық мың) теңге;

Н.З. Аханзариповқа, тәуелсіз директорға – 240 000 (екі жүз қырық мың) теңге;

Қ.Х. Кожумовқа, тәуелсіз директорға – 240 000 (екі жүз қырық мың) теңге;

Қ.Қ. Құсайыновқа, тәуелсіз директорға – 240 000 (екі жүз қырық мың) теңге;

2) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген Қоғам Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақылар мен шығыстарды өтеу шарттары – олармен жасалатын шарттарға сәйкес.

2. Қоғам Директорлар кеңесінің төрағасы Б.Қ. Закиров осы шешімнің 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген Қоғам Директорлар кеңесінің мүшелерімен тиісті шарттарға қол қойсын.

Күн тәртібінің **бесінші мәселесі бойынша** А.Т. Уалиева Қоғамның экономика және қаржы жөніндегі бас директорының орынбасары Ә.Қ. Оспановқа сөз берді.

Ә.Қ. Оспанов 2025 жылғы 31 наурызда Қоғам мен «Эрнст энд Янг» ЖШС арасында жасалған 2022–2024 жылдарға арналған қаржылық есептілік аудиті бойынша қызметтерді ұзақ мерзімді сатып алу жөніндегі шарттың қолданылу мерзімі аяқталатынын атап өтті.

«Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2022 жылғы 3 наурыздағы №193 отырыс хаттамасы) «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-қа тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуларын жүзеге асыру тәртібіне сәйкес «Самұрық-Қазына» АҚ және ҚМГ мен оның еншілес ұйымдарына аудиторлық ұйымды таңдау үшін бірыңғай комиссия (бұдан әрі - Бірыңғай комиссия) жүргізілген аудиторлық ұйымды таңдау рәсімдерінің қорытындысы бойынша Қоғамның уәкілетті органына 2025–2029 жылдарға қаржылық есептілік аудитін жүзеге асыратын сыртқы аудитор ретінде «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС-ны және оның қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін ҚҚС-сыз 546 488 000 (бес жүз қырық алты миллион төрт жүз сексен сегіз мың) теңге сомасында айқындауды ұсынды (2024 жылғы 10 қаңтардағы бас қосу отырысының хаттамасы).

Заңның 36-бабы 1-тармағының б) тармақшасына сәйкес және Қоғам Жарғысының 10-бабы 1-тармағының 11) тармақшасымен Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның анықтамасы Қоғам Акционерлері жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатады.

Баяндалғанның негізінде, Бірыңғай комиссияның ұсынымдарын назарға ала отырып, Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысына Қоғамның 2025–2029 жылдардағы аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйым ретінде «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС-ны белгілеу ұсынылады.

А.Т. Уалиева Қоғамның 2025–2029 жылдардағы аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау туралы мәселе дауыс беруге қойды.

**Дауыс берді:**

«Қолдады» - 346 172 040 дауыс

«Қарсы» - дауыс жоқ

«Қалыс қалды» - дауыс жоқ

**Шешім Қоғамның дауыс беруге қатысатын дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданды:**

1. «ПрайсуотерхаусКуперс» ЖШС Қоғамның 2025 – 2029 жылдардағы аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйым болып белгіленсін.

2. Қоғам бас директоры (Басқарма төрағасы) А.Ф. Қасенов осы шешімді іске асыру жөнінде қажетті шараларды белгіленген тәртіппен қабылдасын.

Күн тәртібінің алтыншы мәселесі бойынша А.Т. Уалиева Қоғамның корпоративтік хатшысы А.М. Шмановқа сөз берді.

А.М. Шманов 2025 жылғы 12 наурызда Қоғам Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының шешімімен (2022 жылғы 25 қаңтардағы №1/2022 хаттама) айқындалған Қоғамның есеп комиссиясының қолданыстағы құрамының үш жылдық өкілеттік мерзімі аяқталатынын хабарлады.

Заңға және Қоғам Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен бекітілген (2020 жылғы 27 мамырдағы №1/2020 хаттама) «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы туралы ережеге сәйкес есеп комиссиясы кемінде үш адамнан тұруы тиіс, есеп комиссиясына Қоғамның алқалы органдарының мүшелері кіре алмайды.

Баяндалғанның негізінде Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысына 2025 жылғы 13 наурыздан бастап мыналар ұсынылады:

1) Қоғамның есеп комиссиясының сандық құрамы айқындалсын - 10 (он) адам;

2) Қоғамның есеп комиссиясының өкілеттік мерзімі айқындалсын - 3 (үш) жыл;

3) Қоғамның келесі жұмыскерлері есеп комиссиясының мүшелері болып сайлансын – Дастан Айман (есеп комиссиясының төрағасы), Әбдірахманова Әсел Болатқызы, Аубакирова Жанел Рамазанқызы, Әбілхан Айсамал Рымханқызы, Жанысбаева Назерке Жұпарбайқызы, Жылқыбаева Әсел Алтайқызы, Қопабаев Мақтай Боранбайұлы, Махамбетова Раушан Амангелдіқызы, Омралинова Мадина Құрманбайқызы, Оразалы Абылайхан Рахатұлы.

А.Т. Уалиева Қоғамның есеп комиссиясының сандық құрамы мен өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау туралы мәселе дауыс беруге қойды.

**Дауыс берді:**

«Қолдады» - 346 172 040 дауыс

«Қарсы» - дауыс жоқ

«Қалыс қалды» - дауыс жоқ

**Шешім Қоғамның дауыс беруге қатысатын дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданды:**

1. 2025 жылғы 13 наурыздан бастап айқындалсын:

1) Қоғамның есеп комиссиясының сандық құрамы - 10 (он) адам;

2) Қоғамның есеп комиссиясының өкілеттік мерзімі - 3 (үш) жыл.

2. 2025 жылғы 13 наурыздан бастап Қоғамның есеп комиссиясының мүшелері болып Қоғамның келесі жұмыскерлері сайлансын:

Дастан Айман - есеп комиссиясының төрағасы;

Әбдірахманова Әсел Болатқызы;

Аубакирова Жанел Рамазанқызы;

Әбілхан Айсамал Рымханқызы;

Жанысбаева Назерке Жұпарбайқызы;

Жылқыбаева Әсел Алтайқызы;

Қопабаев Мақтай Боранбайұлы;

Махамбетова Раушан Амангелдіқызы;

Омралинова Мадина Құрманбайқызы;

Оразалы Абылайхан Рахатұлы.


Жиналыстың күн тәртібіндегі мәселелерді қарау аяқталғаннан кейін Жиналыс төрағасы А.Т. Уалиева Қоғамның Директорлар кеңесінің бұрынғы құрамының мүшелеріне олардың кәсібилігі, Қоғамның дамуына қосқан үлесі және жүктелген міндеттерді тиімді орындағаны үшін алғысын білдірді, сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесінің жаңа құрамының мүшелерін құттықтап, оларға Қоғамның ұстанымын одан әрі нығайтуға және қойылған мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған табысты және жемісті жұмыс тіледі.

**Жиналыс төрағасы**



**А. Уалиева**

**Жиналыс хатшысы**



**А. Шманов**


**Есеп комиссиясының  
төрағасы**



**А. Дастан**




**Р. Махамбетова**



**З. Нұрсейітова**



**М. Омралинова**



**А. Оразалы**

